

## Қамқоршылық кенесінің хаттамасы

**«Н.Нұрмаков атындағы мамандырылған  
мектеп-интернаты» КММ**

**ХАТТАМА №4**

**«10» мамыр 2021ж.**

Катысқандар: 9

Катыспағандар: 0

### **Күн тәртібінде:**

1. Ұздік оқушыларды марапаттау (мадақтама беру, сыйлықтар).
2. Балалардың жазғы демалысын сауықтыру шараларын ұйымдастыру.
3. Мектептің абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

### **Тыңдалды:**

Ұздік оқушыларды марапаттау (мадақтама беру, сыйлықтар).

### **Сөйлемді:**

Мектеп директоры С.А.Султанов қамқоршылық кенесінің отырысында жыл бойында екпінді, ұздік оқушыларды жылдағы дәстүр ретінде марапаттауды, ұздік окушы, ұздік сыныпқа сыйлықтар беруге ұсыныс жасап, барлық кенес мүшелері келісті. Тоқсан бойы өткен “BooksTalk” кітап оку клубының женімпаздарына марапаттау мен сыйлықтар табыс ету жөнінде директорды тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Байдүйсен Б.А ұсыныс жасап, барлық мүшелері өз келісімдерін берді.

### **Тыңдалды:**

Балалардың жазғы демалысын сауықтыру шараларын ұйымдастыру.

### **Сөйлемді:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.А.Байдүйсен оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі сөз етілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата- аналармен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар карантиндік ережелер мен талаптарды есте сактау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сактау дағдыларын

қалыптастыру, балалармен жеке әңгіме жүргізіліп, манызды ережелерді түсіндіру, көп адам жиналатын жекрде жүрмеу, санитарлық нормаларды сақтау керек екендігі жөнінде әңгімелер ұдайы жүргізіліп тұруы керектігі баса айтылды.

**Сөйлемді:**

Кеңес мүшесі Смагулова З.А бала ата-аналарынан үлгі алады. Ата-ананың үлгісі баланы көше мен үйде тәртіпті болуына үйретеді екенін айтЫП өтті. Қайғылы оқигалардан балаларды сақтау үшін, барлық мүмкіншіліктерді жасауға тырысу, баланың бос уақыты мәселесін шешу туралы сөз козғады.

**Тындалды:**

Мектептің абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

**Сөйлемді:**

Мектепті абаттандыру мен көгалдандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында көктемгі екі айлық өткізу іс-шаралар жоспарымен таныстырылды. Мектеп ауласына жанадан ағаштар мен гүлдерді отырғызу, мектеп алдына кешкілік шамдар кою, мектептің ауласына кара топырақ төгу керектігі ұсынылды. Мектептің 3 сыныбына жаңа парталар мен орындықтар алып, сыныпты заманауи талапқа сай безендіру ұсынылды:

**Сөйлемді:**

Кеңес төрайымы Г.М. Тукаева бұл ұсынылған жоспарлардың болашақта мектептің дамуы мен оқушылардың жайлы ортада жүріп, жалпы оқу-тәрбиелік процесseinе он септігін тигізетінің айтЫП өтті

**Шешім:**

1. Эрудит оқушыларды марапаттау рәсімі тиісті деңгейде өткізілсін.
2. Оқушылардың жазғы демалысы пайдалы өтуіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
3. Мектептің абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы  
Хатшы



Тукаева Г  
Байдүйсен Б.А